

**Оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практикадан өткізу туралы  
келісім шарт  
№**

Түркістан қаласы

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2024 жыл

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің атынан, Бұйрық негізінде әрекет ететін университет вице-ректоры Э.Қ.Идрисова бұдан былай «Білім беру ұйымы» бір жағынан, Түркістан облысы, Кентау қаласы, «Кентау-Грант мектебі» ЖШС атынан жарғы негізінде әрекет етуші, директоры Ш.Ш.Каримжанов бұдан әрі «Мекеме» екінші жағынан және азамат Шоқанұлы Алихан бұдан әрі «Білім алушы» деп аталатын үшінші жақтан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес төмендегілер туралы осы шартты жасады:

**1. ШАРТТЫҢ МӘНІ**

1. Білім беру ұйымы 2023 жылы түскен 6В01510-Физика білім беру бағдарламасының бакалавриат білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының оқытуын жүзеге асырады.

2. Мекеме білім алушыны білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика базасымен қамтамасыз ете отырып, оқуын бітіргеннен кейін жұмысқа қабылдайды.

3. Білім алушы өндірістік функциялар мен міндеттерді білікті орындауға мүмкіндік беретін негізгі және кәсіби құзыреттерді алу мақсатында білім беру бағдарламасын игереді.

**2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

**4. Білім беру ұйымы өзіне мынадай міндеттемелер алады:**

1) Күндізгі оқу нысаны бойынша 6В01510-Физика білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыны академиялық күнтізбеге сәйкес оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика өту мақсатында мекемеге жіберу;

2) білім алушыны осы шартта белгіленген міндеттер мен жауапкершілікпен таныстыру;

3) оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика бағдарламасын және өтудің күнтізбелік кестесін мекемемен бірге әзірлеу және келісу;

4) мекемеге оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика басталуынан екі ай бұрын білім алушылардың санын көрсетіп, оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика бағдарламасын, практикадан өтудің күнтізбелік кестесін ұсыну;

5) білім беру ұйымның тиісті мамандықтары бойынша оқытушылар арасынан практика жетекшілерін білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен бекіту;

6) мекеме қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін білім алушымен сақталуын қамтамасыз ету;

7) білім беру бағдарламасы мен академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушының оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика мерзімді бақылау етіп, оның өтуін ұйымдастыру;

8) мекеменің қызметкерлеріне білім алушылардың оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік көмек көрсету;

9) қажеттілік туындаған кезде мекемеге білім алушының оқу жетістіктері туралы мәліметтер беру;

10) жазатайым оқиғаларды, егер олар практиканы өту барысында білім алушының қатысуымен болған оқиғаларды тергеуге қатысу;

11) білім беру ұйымы таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда мекемеге хабардар ету және басқа білім беру ұйымында білім алуды жалғастыру үшін білім алушыны ауыстыру бойынша шаралар қабылдау;

12) тұрғылықты мекен-жайынан мекеме базасының алыс орналасуы кезінде білім алушыға қажетті тұрмыстық және басқа жағдайлар жасау мүмкіндігін қарастыру.

## **5. Білім беру ұйымы:**

1) білім алушының өз еркімен оқытуды тоқтату, оқытудың қайта оқу курсына қалдырылған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен беліленген тәртіпте оқудан шығарылғаны кезде бір жақты тәртіппен шартты бұзуға құқылы.

## **6. Мекеме өзіне мынадай міндеттемелер алады:**

1) білім алушыға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушының еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуын жүргізу;

2) мекеме білім алушыны білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика базасымен қамтамасыз ете отырып, оқуын бітіргеннен кейін жұмысқа қабылдайды;

3) білім беру ұйымына академиялық күнтізбеге сәйкес білім оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика өтуі үшін жұмыс орындарын ұсыну;

4) осы шарттың ережелеріне сәйкес тиісті мамандықтардың оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика жіберу бойынша білім алушыны қабылдау;

5) оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика бағдарламасында қарастырылмаған және білім алушының мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда білім алушыны пайдалануға жол бермеу;

6) бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтерде, зертханаларда және сол сияқты) білім алушының оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практикаға жетекшілік ету үшін білікті мамандарды белгілеуін қамтамасыз ету;

7) білім алушының еңбек тәртібін және мекеменің ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша барлық оқиғалар туралы білім беру ұйымын хабардар ету;

8) білім алушының оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика бағдарламасын толық игеру және оның жеке тапсырмаларды орындауы үшін қажетті болатын зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалану арқылы білім алушының өндірістік практика бағдарламасын орындау мақсатында жұмыс орындарда қажетті жағдай жасау;

9) оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика аяқталған соң білім алушының жұмысы туралы мінездеме беру және практикадан өту сапасын бағалау.

## **7. Мекеме:**

1) жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес өндірістік практика білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

2) мекеменің қажеттеліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсыну;

3) білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысу;

4) білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастыру;

5) білім беру ұйымынан жұмыс берушілердің болжалдарына сәйкес білім алушылардың сапалы оқытуын талап ету құқылы.

## **8. Білім алушы өзіне мынадай міндеттемелер алады:**

1) оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика орнында мекеменің қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техника ережелерін және өндірістік тәртіптемесін сақтау;

2) мекеменің жабдықтарына, аспаптарына, құжаттарына және басқа мүлкіне ұқыпты қарау;

3) оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика бағдарламасының талаптарын қатаң сақтау және орындау;

4) оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика өту үшін белгіленген уақытта мекеменің қарауына келу;

5) оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика өту барысында және аяқтаған соң мекеме туралы құпия ақпаратты жария етпеу.

### **9. Білім алушы:**

1) мекемеде бекітілген тәлімгердің келісімі бойынша қажетті құралдарды, жабдықтарды, аспаптарды және басқа өндірістік материалдарды пайдалану, кітапхана және оқу залдары базасында оқуға оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына, зертханалық базасына, оқыту мақсатында компьютерлік және басқа техниканы пайдалануға қол жеткізуі мен пайдалануына;

2) оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика өту барысында денсаулыққа зақым келген зиянның өтеуіне;

3) оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика даярлығын аяқтаған соң және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен соң иеленген мамандық бойынша мекемеде жұмысты жалғастыруға құқылы.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

**10.** Тараптар осы шартта қарастырылған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауаптылыққа жүктеледі.

### **4. ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТӘРТІБІ**

**11.** Осы шартты орындау процесінде туындаған даулар мен келіспеушіліктерді өзара тиімді шешім қабылдау мақсатында тараптар тікелей өздері қарастырады.

**12.** Келіссөз, өзара тиімді шешім жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

### **5. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ**

**13.** Осы шарт оған тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және толық орындалғанға дейін әрекет етеді.

**14.** Осы Шарттың ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырып өзгертілуі мүмкін.

**15.** Осы шарт мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заң күшімен үш данада жасалады, бір данадан әрбір тарапқа беріледі.

**16.** Тараптардың заңды мекен-жайлары мен банктік реквизиттері:

#### **Білім беру ұйымы:**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университеті  
161200, Түркістан қаласы,  
Б.Саттарханов даңғылы, 29  
тел.: 8 72533 6-38-48

ИИК KZ436010291000010707  
БИК HSBKKZKX  
Қазақстан Халық банкі АҚ  
Кбе 16, БИН 990440008043

#### **Білім алушы:**

Шоқанұлы Алихан  
05.04.2005,  
ЖСН: 050405502070

Қазақстан Республикасы ІІМ  
тел:+77786168043  
(қолы)\_\_\_\_\_

Заңды өкілі (анасы)  
Тәжібаева Мейракуль  
Түркістан қаласы,  
1 мөлтек ауданы, 2 үй, 35 пәтер  
тел: 8 (777) 365 79 13

#### **Мекеме:**

Түркістан облысы,  
Кентау қаласы,  
Ы.Алтынсарин, 11Г  
Кентау-Грант мектебі ЖШС  
БИН230440021806  
тел:8 (775) 718 03 32

**Вице-ректор Э. Идрисова**

**Директор Ш.Каримжанов**

\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
(қолы)